

ISSN 2523-4684
e-ISSN 2791-1241

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ХОРЕОГРАФИЯ АКАДЕМИЯСЫ
KAZAKH NATIONAL ACADEMY OF CHOREOGRAPHY
КАЗАХСКАЯ НАЦИОНАЛЬНАЯ АКАДЕМИЯ
ХОРЕОГРАФИИ

Ғылыми
журналы

scientific
journal

научный
журнал

ARTS ACADEMY

4 (8) 2023

Желтоқсан 2023
Desember 2023
Декабрь 2023

2022 жылдың наурыз
айынан шыға бастады
published since March 2022
издается с марта 2022 года

жылына 4 рет шығады
published 4 times a year
выходит 4 раза в год

Астана қаласы
Астана city
город Астана

Редакциялық алқаның төрағасы

Асылмұратова А.А. - Қазақ ұлттық хореография академиясының ректоры, Ресей Федерациясының Халық әртісі, Ресей Федерациясы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.

Редакциялық алқаның төрағасының орынбасары

Нүсіпжанова Б. Н. - педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері.

Бас редактор

Толысбаева Ж.Ж. - филология ғылымдарының докторы, профессор.

Редакциялық алқа

Кульбекова А.К. - педагогика ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан);

Саитова Г.Ю. - өнертану кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі (Қазақстан);

Ізім Т.О. - өнертану кандидаты, профессор, ҚазССР-ның еңбек сіңірген әртісі (Қазақстан);

Жумасейтова Г.Т. - өнертану кандидаты, профессор (Қазақстан);

Казашка В. - PhD, қауымдастырылған профессор (Болгария);

Вейзанс Э. - PhD (Латвия);

Туляходжаева М.Т. - өнертану докторы, профессор (Өзбекстан);

Фомкин А.В. - педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент (Ресей);

Дзагания И. - филология ғылымдарының докторы, профессор (Грузия);

Таптыгова Е. - PhD (Әзірбайжан).

Жауапты редактор: **Жунусов С.К.**

Қазақ ұлттық хореография академиясының ғылыми журналы.

ISSN 2523-4684

e ISSN 2791-1241

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінің мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою туралы **02.02.2022 жылы берілген**

№ KZ77VPY00045494 куәлік.

Шығу жиілігі: жылына 4 рет

Тиражы: 300 дана

Редакция мекен-жайы: Астана қ., Ұлы Дала даңғылы, 9, 470 офис

Тел.: 8 (7172) 790-832

E-mail: artsballet01@gmail.com

© **Қазақ ұлттық хореография академиясы, 2023**

Chairman of the Editorial Board

Asylmuratova A. A.

- Rector of the Kazakh National Academy of Choreography, People's Artist of the Russian Federation, laureate of the State Prize of the Russian Federation.

Deputy Chairman of the Editorial Board

B.N. Nusipzhanova

- Candidate of Pedagogical Sciences, Professor, Honoured Worker of the Republic of Kazakhstan.

Editor-in-Chief

Zh.Zh. Tolysbaeva

- Doctor of Philology, Professor.

Editorial Board

A.K. Kulbekova

- Doctor of Pedagogical Sciences, Professor (Kazakhstan);

G.Yu. Saitova

- Candidate of Art History, Professor, Honored Artist of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan);

T.O. Izim

- Candidate of Art History, Professor, Honored Artist of the Kazakh SSR (Kazakhstan);

G.T. Zhumaseitova

- Candidate of Art History, Professor, (Kazakhstan);

V. Kazashka

- PhD, Associate Professor (Bulgaria);

E. Veizans

- PhD (Latvia);

M.T. Tulyakhodzhayeva

- Doctor of Art History, Professor (Uzbekistan);

A.V. Fomkin

- Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor (Russia);

I. Dzagania

- Doctor of Philology, Professor (Georgia);

E. Tapytsova

- PhD (Azerbaijan).

Executive editor: **Zhunossov S.K.**

Scientific journal of the Kazakh National Academy of Choreography

ISSN 2523-4684

e ISSN 2791-1241

Certificate of registration of a periodical, information agency and online publication of the Information Committee of the Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan **No. KZ77VPY00045494, issued 02.02.2022**

Frequency: 4 issues per year

Printing: 300 copies

Editorial Office: Astana city, Uly Dala avenue 9, 470 office

Phone: 8 (7172) 790-832

E-mail: artsballet01@gmail.com

© **Kazakh National Academy of Choreography, 2023**

Председатель редакционной коллегии

Асылмуратова А. А. - Ректор Казахской национальной академии хореографии, Народный артист Российской Федерации, лауреат Государственной премии Российской Федерации.

Заместитель председателя редакционной коллегии

Нусипжанова Б.Н. - кандидат педагогических наук, профессор, Заслуженный деятель Республики Казахстан.

Главный редактор

Толысбаева Ж.Ж. - доктор филологических наук, профессор.

Редакционная коллегия

Кульбекова А.К. - доктор педагогических наук, профессор (Казахстан);

Саитова Г.Ю. - кандидат искусствоведения, профессор, Заслуженная артистка Республики Казахстан (Казахстан);

Ізім Т.О. - кандидат искусствоведения, профессор, Заслуженный артист КазССР (Казахстан);

Жумасейтова Г.Т. - кандидат искусствоведения, профессор, (Казахстан);

Казашка В. - PhD, ассоциированный профессор (Болгария);

Вейзанс Э. - PhD (Латвия);

Туляходжаева М.Т. - доктор искусствоведения, профессор (Узбекистан);

Фомкин А.В. - кандидат педагогических наук, доцент (Россия);

Дзагания И. - доктор филологических наук, профессор (Грузия);

Таптыгова Т. - PhD (Азербайджан).

Ответственный редактор: **Жунусов С.К.**

Научный журнал Казахской национальной академии хореографии.

ISSN 2523-4684

e ISSN 2791-1241

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания, информационного агентства и сетевого издания Комитета информации Министерство информации и общественного развития Республики Казахстан № **KZ77VPY00045494**, выданное **02.02.2022 г.**

Периодичность: 4 раза в год

Тираж: 300 экземпляров

Адрес редакции: г. Астана, пр. Ұлы Дала, 9, 470 офис.

Тел.: 8 (7172) 790-832

E-mail: artsballet01@gmail.com

© **Казахская национальная академия хореографии, 2023**

ГТАХР 18.46.

ЭОЖ 791.44.071

DOI:10.56032/2523-4684.2023.4.8.45

А.Н. Жақсығали¹

¹Қазақ ұлттық өнер университеті
(Астана, Қазақстан)

ӘЛЕМГЕ ӘЙГІЛІ АКТЕРДІҢ БЕЙНЕСІН ЖАСАУ ЖОЛЫНДАҒЫ ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚ ТЕАТРЫ (Ч. ЧАПЛИН ҚОЙЫЛЫМЫНЫҢ МЫСАЛЫНДА)

Аннотация

Чарли Чаплиннің кинофильмдердегі образы әлемді таңғалдырып, оның өмірбаяны мен шығармашылық қабілеті, образ тудырудағы актерлік шеберліктері туралы мақалалар жазылды, ескерткіштер орнатылды. Ал Чарли Чаплинге арналған спектакльдер соншалықты көп емс. ТМД көлемінде Санкт-Петербургте қойылса, қазақ сахнасында тұңғыш рет 2022 жылдың қазан айының 9-күні Астанада Әзірбайжан Мәмбетов атындағы драма және комедия театры сахналады. Ұсынылып отырған мақаланың мақсаты – әлемдік тұлғаның өмірі мен шығармашылық қырларын өнер арқылы көрсетудегі қазақ театрының басты бағыттарын зерделеу, ізденістеріне талдау жасау. Зерттеудің, жалпы сазналық қойылым ұсынудың негізгі дереккөздері – актердің кинофильмдері, шығармашылық еңбектері, автобиографиясы және замандастарының естеліктері, ғылыми мақалалар. Зерттеудің маңызы – қазақ театр сахнасындағы жаңалықты дер кезінде ғылыми айналымға қосу, ұсынылған қойылымның ерекшеліктерін талдауға арналады.

«Чарли Чаплин» қойылымының басты кейіпкері тарихи тұлға, көрермендердің «табынушылығын» тудырған тұлға болғандықтан, нақты деректер негізге алынды, яғни шығармашылық өмірбаян арқау болды.

Мақала авторы «кішкене қаңғыбас» образының тууы және қазақ сахнасындағы алғашқы Чарли Чаплин образының ерекшеліктері тұрғысында зерттеген.

Түйінді сөздер: актер, кейіпкер, образ, режиссер, кино, театр, қойылым.

А.Н. Жаксыгали¹

¹Казахский национальный университет искусств
(Астана, Казахстан)

СОВРЕМЕННЫЙ КАЗАХСКИЙ ТЕАТР НА ПУТИ СОЗДАНИЯ ОБРАЗА ВСЕМИРНО ИЗВЕСТНОГО ГЕРОЯ (НА ПРИМЕРЕ СПЕКТАКЛЯ Ч. ЧАПЛИНА)

Аннотация

В статье проанализированы первые выступления на казахской сцене всемирно известного образа Чарли Чаплина, ход постановки, особенности, способы создания образа. Были проанализированы события, которые повлияли на превращение личности в «культовую фигуру» актера, начавшегося в его жизни, автобиографии, оставленной им автором, интервью с коллегами, женами и научных статей об актере. В ходе постановки были затронуты проблемы, трудности, знакомство театральной труппы с ранее не встречавшимся процессом работы, специфика стиля работы от других приглашенных режиссеров. Из проведенных исследований об актере мы знаем, что нововведения, внесенные актером в киноиндустрию, до сих пор не утратили своей актуальности, образ «Маленького Бродяги», предложенный автором, стал причиной появления популярных до сих пор смешных образов. События оказавшие влияние на творчество актера, анализируется рождение образа главного героя актера «Маленький Бродяги» и первый образ Чарли Чаплина на казахской сцене.

Ключевые слова: актер, персонаж, образ, режиссер, кино, театр, постановка.

A.N. Zhaksygalı¹

¹Kazakh national University of Arts
(Astana, Kazakhstan)

MODERN KAZAKH THEATER ON THE WAY TO CREATING THE IMAGE OF A WORLD-FAMOUS HERO (ON THE EXAMPLE OF CHAPLIN'S PLAY)

Annotation

The article analyzes the first performances on the Kazakh stage of the world-famous image of Charlie Chaplin, the course of the production, features, ways of creating the image. The events that influenced the transformation of a personality into a "cult

figure", an actor who began in his life, an autobiography left by the author, interviews with colleagues, wives and scientific articles about the actor were analyzed. During the production, problems, difficulties, familiarity of the theater troupe with a previously unknown work process, the specifics of the style of work from other invited directors were touched upon. From the research conducted about the actor, we know that the innovations introduced by the actor into the film industry have not yet lost their relevance, the image of the "Little Tramp" proposed by the author has caused the appearance of still popular funny images. Through the events that influenced and influenced the actor's work, the birth of the image of the main character of the actor "the little tramp" and the first image of Charlie Chaplin on the Kazakh stage are analyzed.

Key words: actor, character, image, director, cinema, theater, production.

Кіріспе. Чарли Чаплиннің фильмдері жарық көрген сәттен бастап бір ғасыр өтті. Оның фильмдері туралы көптеген зерттеу, мақала жазылған. Алайда Чаплин қалдырған орасан зор мұра өнер саласында зерттелмей, назардан тыс қалған тұстары бар. Ч.Чаплин әртүрлі бағыттағы зерттеушілердің назарын аударуды жалғастырып келеді. Жұмысымызда Чаплинның «мюзикл холдағы маскүнем» қалпынан «табынушы тұлғаға» айналу жолын және қазақ сахнасындағы тұңғыш Ч.Чаплин бейнесі туралы айтамыз. Көрермендер «кішкентай қаңғыбасқа» қарап еріксіз күледі, олармен бірге Чаплиннің өзі де күледі.

Дене бітіміне тұрпайылау келген алып басты, бұйра шашты, үйрек жүрісті, кең шалбарлы, оған қарама-қайшы тар бешпетті, қалпақша киіп, қолына таяқша ұстап, көше кезген мұртты қаңғыбас образы қандай сезім сыйлайды?

Кинофильмдердегі шеберліктерін бағалағанда, әлемге ең қиын сәттерде күле білуді үйреткен Чарли Чаплин деуге болады. Кино әлеміне жаңалық болған, адамдарға шат-шадыман күлкі сыйлаған «қаңғыбас» образы 1914 жылы 28 ақпанда өнерге келді. Нақтырақ айтқанда, алғаш рет режиссер Генри Лерманның "Венистегі балалар автожарысы" (1914) жазбасында пайда болды.

Алайда Чаплин өз өнер жолын кино алаңында емес, Фред Корно труппасынан Лондонға танымал мюзикл холл кештерінен бастаған. Чарльздің өз өмірін суреттейтін «Моя удивительная жизнь» атты кітабында баяндалатын естеліктеріне сүйенсек, балалық шағы, қос мюзикл холл әртісінің шаңырағында, жоқшылықта, қиыншылықта өтті.

Чарльз Чаплин тәрбиесімен анасы Ханна Чаплин айналысып, жанынан бір сәтке тастаған емес. Жұмыс уақытында да кішкене баласын қойылымдарға өзімен ертіп апаратын. «Әдетте, кешке мені жалдамалы пәтерде жалғыз қалдырудың орнына, анам мені театрға апарды. Ол сол кезде алдершотта, лас және ыңғайсыз театрда өнер көрсетті, ол қойылымдарда көрерменнің басым бөлігі сарбаздар болатын» [1, 39 б.].

Чаплин естеліктеріне сүйенсек, сол жылдары анасы жиі сырқаттанатын. Уақыт өте келе, анасы денсаулығы сыр беріп, қиындықтарға тап болды.

Ханна Чаплин мюзикл холлда емін-еркін жұмыс істей алмады, дауысы бірте бірте нашарлай түсті. Қойылым ортасында дауысы кенеттен қарлығыуы немесе жоғалып кетуі мүмкін еді. Дауысы жөнінде үнемі алаңдаушылық оның денсаулығына әсер етіп, жүйке ауруына соқтырды.

Осындай бір мюзикл холл кештерінде анасы Ханна Чаплиннің ән салғанын тамашалап, шымылдық артында тұрған бала Чаплиннің өмірінде ең маңызды оқиға орын алады. Өнертанушы, актриса, ГИТИС түлегі М.А.Кудрявцеваның «Творчество Ч.С.Чаплина в контексте западной культуры XX века» [2].

М.А.Кудрявцеваның зерттеу жұмысына сүйенсек, бұл оқиға 1894 жылы орын алды. «Анамның дауыстық мәселелеріне байланысты мен алғаш рет бес жасымда көпшілік алдында сөйледім. Менің есімде, менеджер менің қолымнан ұстап, шулы және бей-берекет аудиторияның алдында сахнаға шығарды. Кейін мен сахнада жалғыз қалдым» [1, 39 б.].

Сахнада ән шырқап тұрған анасы, тамағына жабысқан ауруының кесірінен, кенет дауысын жоғалтады. Түтін мен шарап иісі араласқан көрермен залынан жағымсыз дауыстар естіле бастайды. Алғаш

рет Ханна Чаплин өз әнін аяқтамай, сахнаны босатуға мәжбүр болды. Көрермендердің дауысы үдейе түсті. Эстрадалық шоуның директоры шымылдық артында тұрған Чарлиді итеріп сахнаға шығарады. Ол сол кездегі әйгілі "Джек Джонс" әнін шырқады. Күтпеген жерден сахнаға монеталар лақтырыла бастады. Кішкентай Чарли осылайша барша көрерменнің жүрегін жаулап, ыстық ықыласына бөленді. Осылай Чарли Спенсер Чаплин алғаш рет көрермен алдына өнер көрсетіп, зор ықыласқа ие болған. «Бұл – менің сахнадағы дебют кешім және анамның соңғы қойылымы болды» [1, 39 б.].

Тақырып бойынша әдебиеттерге шолу. Зерттеу жұмысында Ч.Чаплин автобиографиялық кітабі [1], Г.Д. Макдональд [2], Т. Хаффи [3], Ж.Садуль [4] және М.А. Кудрявцеваның [5] жұмыстары қарастырылды.

Зерттеу әдістері. Зерттеу жұмысында талдау, салыстыру, бақылау, баяндау және тұжырымдау, жинақтау әдістері қолданылды.

Талқылау. Чарли Чаплиннің өмірбаяны мен шығармашылық жолы жөнінде шетелдік зерттеушілер көптеген кітап мен мақала жазылған. Олардың арасында АҚШ-тың көрнекті кино тарихшыларының бірі, өнертанушы Теодор Хафф бар. Оның "Чарли Чаплин" атты шығармасында актердің барлық фильмдеріне егжей-тегжейлі талдау жасалды. Хафф Чаплиннің шығармашылық дамуы мен белсенділігін зерттеп қана қоймай, онымен бір алаңда еңбек еткен басқа актерлер мен актрисаларға да назар аударды. Хафф – Чаплиннің сан алуан фильмдеріндегі бой көрсететін әйел бейнелерін салыстырып, оларға сәйкес сипаттамалар берген алғашқы зерттеуші. Ол өзінің жазбасында «Меніңше, Чаплиннен басқа ешкім бір уақытта сценарий жазуды, режиссерлікпен айналысуды, фильмде ойнауды және оған музыка жазуды білмеген шығар» [3, 127 б.].

Оған қоса, Чаплин, тіпті, дыбыс жазу сессияларында дирижер ретінде оркестрді басқарды. Әрине, бұл оның фильмдерін ерекшелейтін жағымды тұтастық әсерін жасауға көмектесті. Чаплин тек актер ретінде ғана емес, жалғыз өзі бір түсірілім тобын ауыстыра алатын дарын иесі болған.

Джордж Садуль – көрнекті француз кино тарихшысы, өз кітабында актердің ғұмырнамалық деректерін тарихи жағдайлар тұрғысынан қарастырды. Джордж Садуль өз жұмысын "портреттің эскизі", – деп атады.

«Мен бір кітапта бұл тарихи адамның өмірі мен шығармашылығының кең спектрін қамту мүмкін емес екенін түсіндім» [4, 3 б.], – деді.

Бұл – Чарли Чаплиннің шығармашылық еңбектің адамы ретіндегі мүмкіндігінің өте кең екенін, тіпті, шексіздігін танудан туған пікір.

Геральд Данн Макдональд 1965 жылы "Чарли Чаплиннің фильмдері" атты еңбегін жариялады. Автор әр фильмге толық сипаттама беріп, "кішкентай қаңғыбас" бейнесінің эволюциясын талдап, бұл кескіннің неге соншалықты танымал болғанын түсіндірді.

Дэннис Гиффорд, әйгілі британдық жазушы және кино теоретигі "Чаплин: оның жеке басы мен фильмдері" атты еңбегінде қазіргі заманғы комедиялардың көпшілігінің бастаушысы Чаплин екендігі туралы маңызды тұжырымға келді, оның көптеген трюктері мен ізденістерін режиссерлер әлі күнге дейін қолданады деген мәлімдеме жасады [4, 123 б.].

Чаплиннің өзі өмірі мен шығармашылығы туралы жеткілікті жұмыс жазды. Ұснылыып отырған бұл жұмыста Чарли Чаплинге қатысты көптеген естеліктер, актердің өз өмірі туралы қалам тербеген «Менің таңғажайып өмірім» атты кітабынан әрі интервьюларды негіз етіп аламыз.

Чарли Чаплиннің өмір жолына қысқаша шолу жасасақ: тоғыз жасында ол Лондонның қала маңындағы музыкалық залдарында "Сегіз Ланкашир жігіті" балалар би ансамблінің құрамында өнер көрсетті. Екі жыл бойы ол ансамбльмен бірге ағылшын провинциясына барған.

Он төрт жасында "Йорк герцогы театрының" сахнасында "Шерлок Холмс" пьесасында хабаршы Билли ретінде дебют жасады. 1906 жылы "Кейси циркінде" жас әзілкештер сахнасында өнер көрсетті. 1907 жылы ол Фред Карноның пантомима

труппасында ән айтты, биледі, жонглерлік етті, акробатикалық нөмірлерді орындады.

1910 жылы Чаплин "қорықпайтын Джимми немесе жас батыр" спектаклінде басты рөлді сомдады. Көрермендердің ыстық ықыласына бөленген, актерге кино өнеріне жолдама болған кейіпкер – осы.

Чарли Чаплиннің өміріндегі қиын жағдайдың бірі – әкесі Чарльз Спенсер айықпас маскүнем болды. Чарли Чаплиннің Мюзик холлдағы маскүнем образын жасауға осы оқиғаның ықпалы бар екені сөзсіз. Өйткені Чаплин естеліктерінде оның шарапты тек ерекше жағдайларда ғана тұтынатыны, көбіне ішуден бас тартатыны жайлы айтылады. Ал бұл «маскүнем» образы өміріндегі болған жағдайға куә болып, жіті бақылаудан, актерлік қадағалаудан туған.

Бұл «маскүнем» кейіпкері, актерге кино өнеріне жолдама болды деуіміздің басты себебі, 1912 жылдың аяғында АҚШ-тағы гастрольдік сапарында оның "Ағылшын музыка залындағы кеш" қойылымындағы «маскүнем» ойынын режиссер және продюсер Мак Сеннет байқады. Лос-Анджелесте ол Чаплинге "Клубтағы түн" комедиясынан кейінгі сәтті қойылыммен құттықтауға келді. Бір жылдан кейін барлық шарттарды талқылап, Сеннет құрған "Кистоун" студиясымен келісімшартқа отырып, Лос-Анджелеске көшті.

Чаплиннің кино әлеміне саяхаты өз жазбаларында, режиссер Генри Лерман естеліктеріне қарағанда, қуантарлықтай болмады.

Жаңа ортаға әртіс тез үйренісе алмай, өзін жайсыз сезінді. Оның алғашқы фильмдерде бар күшін жұмсаған трюктері, монтаж барысында қиылып кетіп отырды. Фильмге де бірден кірісіп кете қоймады. Осылайша студиядағы әдеттегі күндердің бірінде Мак Сеннет оған бір фильмде эпизодтық роль ұсынып, соған сай киім кюді, грим жағуды ұсынды.

«Мұнда күлкілі нәрсе керек, – деді ол кенеттен маған бұрылды. Кез келген комедиялық макияж жарай береді» [4, 15 б.], – деді.

«Кистоун» кинокомпаниясының басшысы Мак Сеннеттің бұйрығы әлемге әйгілі бейнені тудырды.

«Костюм бөлмесіне бара жатып, мен бірден кең шалбар, өте үлкен аяқ киім киіп, қолыма таяқ алуды шештім» [1, 55 б.]. Чаплин костюмде бәрі бір-біріне қарама қайшы: кең шалбар және тым тар бешпет, кішкентай қалпақша және өте үлкен аяқ киім киді. «Киіну кезінде ол бұл сұлбаның артында қандай кейіпкер болу керектігі туралы әлі ойлаған жоқ, бірақ мен дайын болғаннан кейін костюм мен макияж актерлік қиялыма ерік берді», –деген өзі. Осылай Чарли Спенсер Чаплиннің шығармашылығының діңгегі болған «Кішкене қаңғыбас» образы 1914 жылы 28 ақпанда дүниеге келді. Әрмен қарай осы кейіппен көрермен 262 фильмге куә болды. Дәл бүгінге дейін бар фильмі арнайы жерлерде сақталғанымен, барша көрерменге қолжетімді 100-ге тарта фильмі бар. Осы образды алған режиссер Генри Лерманның "Венистегі балалар автожарысы" (1914) жазбасынан пайда болғаннан бастап, соңғы өзі түсірген «Нью-Йорктегі Король» (1957) фильміне дейін бой көрсетті.

Бірінші дүниежүзілік соғыс (1914-1918) артынша «Ұлы Депрессия» (1929-1939), кейіннен Екінші дүниежүзілік соғыс (1939-1945) – осы оқиғалардың барлығы Чаплин шығармашылығына әсерін тигізбей қоймады. «Кішкене қаңғыбас» образы көрермен көз алдында ер жетті, сынды, терең философияға ие болды десек те болады.

2022 жылғы қазан айында, Астана қаласы Әзірбайжан Мәмбетов атындағы драма және комедия театрында режиссер Николай Балобанның басшылығымен «Чарли Чаплин» трагикомедиясының премьерасы өтті. Қойылым бас-аяғы бір жарым ай көлемінде дайындалып, сахналанды.

Аты әлемге әйгілі тұлғаның өнерін қазақ сахнасында жаңашылдықпен ұсыну ойластырылды. Театр өнерінің осы жаңашылдығы туралы зерттеу ұсынылады.

Жұмыстың алғашқы бөлігі, яғни үстел басы оқылым орнына актерлер үй жұмысы ретінде арнайы тақырыптарға этюд құрастырды. Қойылымның режиссері Николай Балобан.

Театр актерлері инсценировкалар ойлау үшін Чарли Чаплиннің «Менің таңғажайып өмірім» атты

автобиографиясын басшылыққа алды. Бұл кітап орыс тілінде болғандықтан, мәтін дайындық барысында бірден аударылып отырды. Сол себептен пьесаның үстел үсті оқылымы болмады.

Дайындықтың алғашқы 10 күні режиссер өзі даярлап келген сахналарға, актерлердің қиялымен этюд құрастырумен болған, яғни актерге белгілі бір тақырыпқа этюд құрастыру тапсырылды. Осы арқылы бір сахнаның сан алуан түрі туып, жұмыс барысы қыза түсті. Әуел баста режиссердің қиялында туған кейіпкер, оның іс қимылы мизансценасын өз органикасына жатқызуға тырысып әлек болатын актерлерге бұл әдіс таңсық болып көрінгенімен, кейіннен әр актер қиялына ерік беріп жұмыс жеңілдей түсті. Өйткені актерге өз сахнасының авторы болу құқығы берілді. Бұл материалмен кеңінен танысқан актерге өз образын көз алдына әкеліп, оны тудыруға керемет мүмкіндік еді.

Актерлер бірден сахнаға шығып, этюд құрастырумен айналысты.

Режиссер Н.Балобанның ұсынысымен әр актер дайын сюжетпен емес, әр шығармашылық адам өзінің ойынан этюдтар ойлап, ұсынды. Бұл режиссердің: «Әр қойылым әртістермен жұмыс істеудің өзіндік әдістерін талап етеді. Маған актерлердің материалға қызығушылық танытуы маңызды, олар «орындаушы актерден» «жасаушы актерге айналады», – деген талабынан шыққан. Бұл қойылымның басты ерекшелігі болды.

Әдетте, шақыртумен қойылым қоюға келген режиссер қалай болатынын, қандай декорация сахнада тұратынын, бірінші сахнадан бастап соңғы сахнаға дейін қиялынан тудырып, қағазға түсіріп, сақадай сай келеді. Актерге тек режиссер тапсырмасын санаулы қадамы, әр қимылды орындаушы ғана болатын жағдай аз емес, яғни образ жасаушы, кейіпкер «тудырушы актердің» аяғына тұсау салынады да, ол режиссер қолындағы «тәртіпті қуыршаққа» айналады. Ал режиссер Николай Балобан ұсынған жұмыс жасау әдісінен актер «орындаушыдан» «тудырушы» актерге, яғни өз кейіпкерінің авторына айналады.

Бұл әдіс материалда жаңа нәрсені ашуға, оған актердің көзімен қарауға көмектеседі. Бұл – жақсы бастама. Сондай-ақ актерлердің өздері материалға енуі, оқуы, қарауы, кейіпкер және автор жөнінде жаңа нәрсе білуі маңызды.

Әлемге әйгілі тұлға туралы қойылым ұсыну, бір қарағанда, жеңіл сияқты. Алайда ол атақты актердің бүкіл образы, бет-бейнесі, жүріс-тұрысы, өзін ұстауы, фильмдердегі кейіптері – бәрі көрерменнің жадында сақтаулы, қиындық осындайда. Сондықтан қазақ театрының шығармашалық ұжымы алдында мүмкіндігінше дәл көшіріп, бақылау жасауы қажет.

Бұл тұста актерге бұйрықты режиссер емес, қойылымның басты кейіпкері Чаплиннің өзі берді, яғни актер оның жүріс тұрысын, әдетін, қимылын ойдан шығара алмайды. Дәлме-дәл көшіріп қайталауы керек еді.

Қойылымда актердің үш кинофильмі, атап айтқанда, «Рождение Чейса», «Малыш», «Великий диктатор» пайдаланылды. Сол фильмдерді басты назарға ала отырып, басқа фильмдерін көмекші құрал ретінде қабылдап, арқылы актерлер Чаплиннің танымал қимыл қозғалыстарын келтірді.

Актердің Чарли Чаплиннің фильмнен бөлек, өмірдегі бейнесін сомдау да қиындығы болады. Фильмде актер қандай екенін білсек, өмірдегі Чаплин қандай болғаны туралы тек естеліктерде, жазбаларда айтылады. Бұл жерде Чаплиннің әйелдері, бірге жұмыс жасаған режиссер, актерлер Чаплин жайындағы естеліктерінде табылған аздаған, ідіп аларлық мінездемелеріне сүйеніп, оған қоса актер өз қиялынан фильмдегі емес, өмірдегі Чаплинді тудыру болды. Аталмыш тапсырма актерлерге артылған жүкті ауырлата түсті. Өйткені дәл қазір ғана бар болмысымен өзге адамның іс-қимылын, жүріс-тұрысын, болмысын қайталаған актерге бәрінен ажырап, өмірдегі Чаплинге, «тұлға Чаплин» емес, «тұрмыстағы Чаплинді» көрсету керек болды. Фильмдегі Чаплиннің түр-тұлғасын толық суреттеу үшін актерге жақсы қимыл-қозғалыс керек. Өйткені Чаплин пантомимамен тікелей байланысты. Біріншіден, ол кино әлеміне «музыка залдарында»

ойнаған эскиздерден, шағын скетчтардан келді. Бұл пантомима, сайқымазақ және арлекинадан келді. Сондықтан ол бұл жанрларды өте жақсы білді және оларды жақсы меңгерген. Екіншіден, үнсіз фильм актерден мимиканы жақсы меңгеруді талап етеді. Сөздің болмауы әрқашан қимылға назар аударуды арттырады. Көрермен актерлік ойында сөз болмағандықтан, не болып жатқанын түсінуге тырысып, актерлердің қимылдарына жүгінеді, ал сөздердің жоқтығына байланысты актерлер, әрине, барлық сюжетті, тек қимылмен білдіреді.

Чаплин «Кистоунға» келгенде, оның мимикалық шеберлігі басқа актерлерге қарағанда жоғары болды. Ол, тіпті, кейбір актерлерге қалай ойнауға және қалай қозғалуға болатыны туралы кеңестер берді. Чаплин өз фильмдерінде қолданатын трюктар, акробатикалық элементтер осы күнге дейін қолданыста. Оның «Кішкентай қаңғыбас» образы өте епті кейіпкер. Бұл бейнені ХХ ғасырдың басындағы көптеген актерлер еліктеп, қайталауға тырысты. Мысалы: комедияшы Билли Уэст ("The sandy Kid" фильмі, 1917).

Чаплин мен оның қаңғыбас бейнесінің әсері француз актері және режиссері Жак Татиға ықпалын тигізді. Кеңестік дәуірдегі танымал «қарындаш» клоундасының тууына әсер етті. «Гонконгтық танымал кинорежиссер, көпшіліктің сүйіктісі Джеки Чанның шығармашылығынан, Чаплин фильмдерінен трюктерді байқауға болады, ол әртүрлі комедиялық жағдайларды тудыру үшін осы типтегі трюктерді қолданады» [5, 11 б.]. Акробатикалық трюктерге толы сахна қозғалысы элементтерінің негізінде қойылған сахналардың басым көпшілігінде Чаплин ұсынған күлкі тудыру үшін ойлап табылған элементтерді, трюктарды байқауға болады. Бұл кез келген шайқас сахнасын, қызықты, күлкілі сахнаға айналдырады. Тек қазір көріп жүргеніміз – заманауи, актерлік фантазиямен байытылған түрлері.

Актерлік ойыннан бөлек, сахна жарығы, дыбысы, актерлер костюмі, сахна суреті барлығы дерлік сол заманның өлшем бірліктеріне сай жабдықталды.

Көркемдік безендіруде кино түсірілетін павильонның таңдалуы оң нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік берді.

Жарық пен костюмде, дыбыста сәйкесінше сол заманғы «дыбыссыз фильм» тудыру үшін, күлгін қара түстерге боялды. Қойылым әуел баста 35 сахнадан тұрды. Кейін дайындық барысында отыз үшке жетті. Демек, бір жарым сағаттық қойылымда 33 сахнаны тудыру үшін актерлерге де, музыкаға да, жарыққа жылдамдық керек. Сахнадағы динамиканы үдету үшін барлық дерлік реквизит, декорацияларға дөңгелек роликтер тағылды. Режиссердің шешімі бойынша жылжымалы декорациялар болды. Олар сол кездегі фильмдердегідей театрландырылған және уақыт рухын көрсетуі тиіс болды.

Композициялық тұрғыдан алғанда, Ч.Чаплиннің образ ойлап табуынан бастап, театр сахнасынан киноиндустрия саласына ауысуы, Дүниежүзілік соғыс, Ұлы тоқырау кезеңдерінің әсері, өмірден баласының өтуі, митингілер, Америкадан қуылуы, ең соңында Америка актерді мойындап, Оскар сыйлығын табыстауы бойынша сюжеттерге құрылған.

Тағы бұл қойылымды айшықтайтын тәсіл – бір актердің бірнеше кейіпкерді сомдауы, яғни қойылымдағы басты фигура Чаплиннен бастап актерлер кемі үш-төрт кейіпкер сомдады. Сол себепті кейіпкерлерді бір-бірінен оңай ажырату үшін, көрермендерді шатастырмас үшін үлкен сақалдар, тез арада салынатын тұрпайы грим және қалпақшалар қолданылды. Олардың барлығы бір сахнадан келесі сахнаға ауысқанда, уақыт алмас үшін оңай ауысатын заттарға ауысты. Күрделі грим тек басты кейіпкерде болды. Одан бөлек қойылымның өзегі – Ч.Чаплин жазып қалдырған музыкалар. Чаплин актер, режиссер ғана емес, сонымен қатар тамаша композиторда болды.

"Чаплин екінші Оскар жүлдесін фильмге жазған музыкасы үшін алды" («Пандус шамдар», 1929, фильмі).

Сол кездегі кинотеатрларда жүретін фильмдерде музыканы пианинода орындайтын.

Сол фильмдердегі Чаплин шығармаларын театр актерлері нотаға түсіріп, қойылым барысында сахна

шетінде отырған концертмейстер бастан-аяқ сүйемелдеп отырды.

Нәтиже. Жүргізілген зерттеу нәтижесінде, әлемге әйгілі фигура Ч.Чаплиннің кино өнерінде жасаған жаңалығы, кейінгі кино саласындағы күлегештер мен акробаттарға жаңа дем әрі серпіліс әкелген. Чарли Чаплинге еліктеп, ғ өнер жолында серпіліс жасаған Джеки Чан Чаплин секілді «Оскар» сыйлығын алды. Джеки Чанды басқа экшн кейіпкерлерімен шатастыруға болмайды. Ол әдеттегі көз үйренген, экранда бұлшық еттерін шығарып, артында қан іздерін қалдыратын мызғымас, қатал кейіпкер емес. Д.Чан өзінің бүкіл мансабын дерлік сүйкімді және қарапайым ақкөңіл кейіпкерлерді ойнады, ол барлық дерлік фильмдерінде, өз позициясын, Чаплин секілді ептілікпен және әзілмен береді. Күлегеш клоундар, мим жанры артистеріне сарқылмас қазына қалдырды.Салыстыру нәтижесінде анықталған, заманауи режиссерлердің жұмыс барысында жіберетін олқылығы анықталды. Жалпы қазіргі қазақ театрына дерт боп жабысқан бір проблема: – шақыртылған режиссер болсын немесе труппа режиссері болсын, қойылым дайындығы басталмай жатып, премьерә күнін анықтап, тіпті, афиша шығарып, жарнаманың қойылымнан бұрын жүретіндігі. Сол себепті көптеген режиссерлер актермен сахнада кейіпкер тудыру үшін бар уақытын сарпып отырмайды. Оны өзі алдын ала дайындап келген эскиздермен жүргізеді немесе актердің қоржынындағы шаблондарды кейіпкер бейнесін жасауда пайдаланылуына мүмкіндік береді. Бұл тұста актерге толық мүмкіндік беріп, кейіпкер жасаушыға айналдыру үшін этюдтік тәсілдің неғұрлым пайдалы әрі көрерменнің қызығушылығы артады.

Басты қағида – актер «күйіп» кетуі керек. Барлығы материал оны «күйдіруі» керек, қызығушылығын арттыру керек, содан кейін ол одан талап етілетін нәрсені және одан да көп нәрсені жасайды, – деп пікір білдірді режиссер Николай Балобан.

Қорытынды. Чаплин тудырған "Кішкентай қаңғыбас" образы – сол заманның барлық еңсесі езілген төменгі тап өкілдерінің, жақсы өмір үшін

күресін бейнелейтін бейне. Ол кейіпкерге біреуге жанашырлық таныту, еліктеу және күлу, керек кезінде біреуге сазайын беруі де оңай болды. Оның «қаңғыбасы» төменгі тап өкілі ретінде жоғарғы лауазымды адамдардың «үстінен» күлуі – халықтың ыстық ықыласына лезде бөленуінің бірден бір себебі.

Оның бейнесінің көмегімен саясат пен қазіргі өмір туралы көп нәрсе айтуға болады. Чарли Чаплин фильмдерінің негізгі тақырыбы – өмір үшін күрес. Ол физикалық күштің дәрежелігі, полицияның ақымақтығы, өткендердің ептілігі ең кішкентай, ең кедей, ең әлсіз адамнан жеңілуі мүмкін екенін көрсетті.

Әлемге ең қиын сәтте де күле білуді үйреткен, кино әлеміне теңдессіз қазына сыйлаған Чаплиннің өнері әлі өмір сүре беретінін сөзсіз. Қиын сәтте күле білу өнері қай заманда тапшы құрал. Астанадағы Ә.Мәмбетов атындағы драма және комедия театры әлемдік бейнені өз деңгейінде ұсына білді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Чаплин Ч. Моя удивительная жизнь. Фалькон А., перевод., 2020. – Москва, Эксмо. – 512 с.
2. Макдональд Г.Д. Фильмы Чарли Чаплина. – Москва, 1965. – 224 б.
3. Хаффи Т. Чарли Чаплин. – Нью-Йорк, 1951. – 354 с.
4. Садуль Ж. Чарли Чаплин. Перевод с фр.-М.: Искусство, 1981. – 208 с.
5. Кудрявцева М.А. Творчество Ч.С.Чаплина в контексте западной культуры XX века». – СПбГУ, 2017. – 87 с.

References:

1. Chaplin Ch. *Moja udivitel'naja zhizn'*. Fal'kon A., perevod., **2020**. – Moskva, Jeksmo. – 512 s. (*In Russ.*).
2. Makdonal'd G.D. *Fil'my Charli Chaplina*. – Moskva, **1965**. – 224 b. (*In Russ.*).
3. Haffi T. *Charli Chaplin*. – N'ju-Jork, **1951**. – 354 s. (*In Engl.*).
4. Sadul' Zh. *Charli Chaplin*. Perevod s fr.-M.: Iskusstvo, **1981**. – 208 s. (*In Russ.*).
5. Kudrjavceva M.A. *Tvorchestvo Ch.S.Chaplina v kontekste zapadnoj kul'tury XX veka*». – SPBGU, **2017**. – 87 s. (*In Russ.*).